

Оқыту тілі

Қазақ

Жасалған күні

03-07-2024

Өтінім беру күні

06-08-2024

Өтінімнің номері

071606-008-24

Тізілімде тіркелеген күні

08-08-2024

Тіркеу номері

071606-008-6581-24

QR код**Өңір**

Шымкент қаласы

ТжКОББ ұйымы

"М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі" ЖШС

Әзірлеуші-серіктес (жұмыс беруші)

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС - «ГП Шымкент бөлімшесі»

Білім деңгейі

Техникалық және кәсіптік

Даярлық бағыты

071 Инженерия және инженерлік іс

Даярлық мамандануы

0716 Автокөлік құралдары, теңіз және әуе кемелері

Мамандық коды және атауы

07160600 Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету

Біліктілік(-тер) коды және атауы

3W07160601 Вагон жөндеу слесары, 3W07160602 Поезд электромеханигі, 4S 07160603 Техник-электромеханик

ҰБШ бойынша деңгейі

3, 4

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Жүк және жолаушылар вагондарын ағымдық, ағытып және ағытпай сапалы жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүзеге асыратын мамандарды даярлау.

Кәсіптік стандарт (бар болса)

Жүк вагондарын техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу (станция деңгейі). ҚР «Атамекен» ҰКП 01.09.2023 ж. № 136 бұйрығы.

WorldSkills кәсіптік стандарты (бар болса)

Жоқ

Оқыту нысаны

Күндізгі

Білім базасы

Негізгі орта, Жалпы орта

Кредиттердің жалпы көлемі

240

Индустриалдық (жұмыс берушілер) кеңесінің отырысы хаттамасының №, күні

№ 2 хаттама, 18.01.2024 ж.

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысы хаттамасының №, күні

№ 3 хаттама, 26.01.2024 ж.

Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері

Дуальды оқыту

Тәсіл

Құзыреттер тізімі

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
1	Қ1	Қоғамда және кәсіби ортада мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде еркін қарым-қатынас жасау.
2	Қ2	Кәсіби салада қоғамдық-гуманитарлық білімді қолдану.
3	Қ3	Кәсіби салада жаратылыстану, математикалық білімдерді қолдану
4	Қ4	Дене қасиеттерін жетілдіруге деген ұмтылысты көрсету, салауатты өмір салтына назар аудару
5	Қ5	Заманауи компьютерлік технологияларды, ақпаратты сандық өңдеу әдістерін қолдану.
6	Қ6	Құқықтық жүйе мен экономика негіздерін меңгеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайларда азаматтық ұстанымды көрсету.
7	Қ7	Өзін және қоғамдағы өз орнын сезіну, әлеуметтік, саяси, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау.
8	Қ8	Кәсіби қызметте техникалық құжаттамалауды орындау және электрлік, электрондық техникалар мен электр машиналарын қолдану.
9	Қ9	Кәсіби қызметте еңбекті қорғау, экология, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын және темір жолды техникалық пайдалану ережелері мен нормаларын сақтау.
10	Қ10	Жүк және жолаушы вагондарының, рефрижераторлық жылжымалы құрамдардың негізгі бөліктеріне, тораптары мен агрегаттарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану.
11	Қ11	Жүк және жолаушы вагондарының, рефрижераторлық жылжымалы құрамдардың электрлік аппараттары мен жабдықтарды және энергетикалық қондырғыларына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану.
12	Қ12	Темір жол көлігінде экономиканы, еңбекті және өндірісті ұйымдастыру қағидаттарын қолдану.
13	Қ13	Жүк және жолаушы вагондарының, рефрижераторлық

№	Құзыреттер индексі	Құзыреттер атауы
		жылжымалы құрамдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеудің технологиялық процестерін талдау.

Модульдердің (пәндердің) мазмұны

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульде р (пәндер) бойынша кредитте р саны	Модульде р (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзырет тер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
Жалпы білім беру пәндері							
1	ЖБП 1. Қазақ тілі	Әдеби қазақ тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің ережелері; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу ережелері; әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жасау кезінде стилистикасы.	ОН 1.1. Әр түрлі типтегі және жанрдағы, публицистикалық стильдегі мәтіндерді жазу. ОН 1.2. Тындалған, оқылған және аудиовизуалды материалдардың мазмұнын баяндау. ОН 1.3. Автордың позициясын және мәтіннің жасырын мағынасын, мақсатты аудиторияны, жанрларды анықтай отырып, мәтіннің негізгі және толық ақпаратын түсіну. ОН 1.4. Өз пікірін білдіре отырып, тыңдалған материалды ақпараттың сенімділігі, өзектілігі тұрғысынан бағалау ОН 1.5. Мәселені шешудің өзіндік жолдарын ұсына және негіздей отырып, эссенің әртүрлі түрлерін жазу. ОН 1.6. Ақпаратты әртүрлі көздерден алу және синтездеу. ОН 1.7. Техникалық-технологиялық және оқу- ғылыми сала шеңберінде көпшілік алдында сөйлеу үшін кеңейтілген монолог құру.	4	96	Қ 1	Е
2	ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы; шығармадағы автордың ұстанымы; көркем шығармалардың бейнелі табиғаты; шығармалардың ашық білдірілген және жасырын мағыналары; шығарманың тілдік ерекшеліктері, негізгі эпизодтар, кейіпкерлердің іс-әрекеттері; жазушы стилінің ерекшеліктері; шығарма жоспарының түрлері; шығарманы композициялық, стильдік бірлік, тілдік безендіру және қойылған коммуникативтік міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан бағалау; басқа өнер түрлерінің құралдарымен жасалған көркем мәтінді түсіндіру; әртүрлі жанрдағы	ОН 2.1. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіру. ОН 2.2. Авторлық позицияны білдіруге байланысты дәйексөздерді, үзінділерді мәтіннен өз бетінше тауып, мәнерлеп жатқа оқу. ОН 2.3. Шығарма мәтініне сілтеме жасап, тақырып пен бейнелер туралы өз пікірін білдіре отырып, проблемалық сұраққа толық дәлелді жауап беру. ОН 2.4. Жанрды және оның белгілерін анықтау. ОН 2.5. Кейіпкерлер жүйесіндегі олардың рөлі мен маңыздылығын анықтай отырып, шығарманың кейіпкерлерін сипаттау. ОН 2.6. Поэтикалық синтаксистің бейнелері, бейнелеу құралдары мен фигураларын құрудың құралдары мен әдістерін талдау, олардың оқырманға әсерін түсіндіру.	4	96	Қ 1	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		шығармалардың идеялық-көркемдігі, әлеуметтік-тарихи және рухани-эстетикалық аспектілерін талдау.					
3	ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; ауызша және жазбаша сөйлеудегі сөйлеу этикетінің қағидалары; алынған ақпаратты талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру тәсілдері; коммуникативтік міндеттерге байланысты оқудың әртүрлі түрлері; монологиялық сөйлеу; көпшілік алдында сөйлеу жанрлары; пікірталас жүргізу қағидалары; әртүрлі жанрдағы мәтіндерді құруы; әдеби терминдер мен әдеби бағыттар, жанрлар, шығарманың тақырыбы, идеясы, проблематикасы.	ОН 3.1. Тақырып бойынша мәтіннің негізгі идеясын анықтау. ОН 3.2. Көркем шығарманың мазмұнын, оның проблемаларын түсіну және талдау. ОН 3.3. Оқылған мәтін бойынша практикалық сұрақтарды тұжырымдау. ОН 3.4. Күрделі синтаксистік конструкцияларды олардың функционалдық-стистикалық қасиеттері тұрғысынан пайдалану, сөйлеу нормаларын сақтау. ОН 3.5. Әр түрлі көздерден алынған ақпаратты қорытындылау. ОН 3.6. Аралас типтегі мәтіндер жасау, шығармашылық жұмыстар жазу.	4	96	Қ 1	Е
4	ЖБП 4. Шетел тілі	Шет тілінің орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары; әңгімелесулерде және жалпы оқу тақырыптарының кең ауқымы бойынша жазу кезінде ресми және бейресми тілдік регистрлерді пайдалану; оқылғаннан (тыңдалғаннан, көргеннен) алынған ақпаратты салыстыру, талдау, синтездеу, түсіндіру тәсілдері; оқу мен аударманың түрлері; өмірбаяндық, ғылыми-танымал, публистикалық стильдердің мәтіндері; монологиялық және диалогтық сөйлеу; лексика мен грамматиканы қолдана отырып, мәтін деңгейінде жеке байланысты жазу, редакциялау және түзету әдістері.	ОН 4.1. Болашақ кәсіби қызметпен байланысты әр түрлі функционалды стильдердің: ғылыми-көпшілік, публистикалық, өмірбаяндық шынайы мәтіндерін оқу және түсіну. ОН 4.2. Оқылған (тыңдалған, көрген) толық және қысқаша баяндауды орындау, оқиғаларды, фактілерді, құбылыстарды сипаттау. ОН 4.3. Ағылшын тілінен әр түрлі стильдегі мәтіндердің, соның ішінде болашақ кәсіби қызметпен байланысты мәтіндердің жазбаша аудармасын орындау. ОН 4.4. Сөйлеу этикетінің нормаларын сақтай отырып, ресми және бейресми қарым-қатынастың әртүрлі жағдайларында диалогтың барлық түрлерін жүргізу.	4	96	Қ1	С
5	ЖБП 5. Математика	Функцияның түрлері, қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық функциялар, олардың қасиеттері мен графиктері; тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу; дәрежелер мен түбірлер; дәрежелік, көрсеткіштік және логарифмдік функцияның қасиеттері мен графиктері; иррационалдық теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістері; көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер; функцияның шегі мен үздіксіздігі;	ОН 5.1. Математикалық талдаудың негізгі ұғымдарын және олардың қасиеттерін меңгеру, функцияларды сипаттау. ОН 5.2. Рационалды және иррационалды, дәрежелік, тригонометриялық, көрсеткіштік, логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктерді, олардың жүйелерін шешу әдістерін меңгеру. ОН 5.3. Қарапайым ықтималдық теориясының негізгі ұғымдары туралы түсінікке ие болу, оқиғалардың пайда болу ықтималдылығын табу және бағалау. ОН 5.4. Жазық және кеңістіктік геометриялық фигуралар, олардың	5	120	Қ 3	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		туындының физикалық және геометриялық мағынасы және оның қолданылуы; интегралдардың қасиеттері мен қолданылуы; математикалық статистика мен ықтималдық теориясының элементтері; стереометрия аксиомалары және олардың салдары; кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуы; координаттардың тікбұрышты жүйесі; кеңістіктегі вектордың координаттарын есептеу; көпжақтардың түсінігі мен қолданылуын; айналу денелері және олардың элементтері; денелердің бет аудандары мен көлемі.	негізгі қасиеттері туралы түсінікке ие болу, сызбалардағы, модельдердегі және нақты әлемдегі геометриялық фигураларды тану. ОН 5.5. Геометриялық есептер мен техникалық-технологиялық есептерді практикалық мазмұнмен шешу үшін меңгерілген геометриялық фигуралар мен формулалардың қасиеттерін қолдану.				
6	ЖБП 6. Информатика	Компьютерлік жабдықты пайдалану кезіндегі эргономика мен қауіпсіздігі; мобильді құрылғылардың аппараттық қамтамасыз ету, сипаттамасы мен анықтамалары; виртуалды машиналардың бағдарламалық қамтамасыз етілуі; санау жүйелері мен логикалық операциялары; ақпараттық процестер мен жүйелер; ақпараттық объектілерді құру мен түрлендіру; қосымшаларды әзірлеу; компьютерлік желілері және ақпараттық қауіпсіздігі.	ОН 6.1. Пайдаланушының қауіпсіздігін және компьютерді қорғауды қамтамасыз ету тәсілдерін білу. ОН 6.2. Процессорлар мен мобильді құрылғылардың аппараттық құралдарының функциялары мен жұмыс принципін, бағдарламалық жасақтаманы таңдауды түсіндіру. ОН 6.3. Әр түрлі санау жүйелерінде сандарды түрлендіру, логикалық схемалар мен өрнектерді құру дағдыларын меңгеру. ОН 6.4. Деректер базасын, блокчейн және бұлтты технологияларды қолдану дағдыларын меңгеру. ОН 6.5. 3D модельдеу және Web-жобалау дағдыларын меңгеру. ОН 6.6. Алгоритмдер мен интерфейстерді құру дағдыларын меңгеру. ОН 6.7. Пайдаланушы ақпаратына қатысты ақпараттық қауіпсіздік шараларын қолдану.	3	72	Қ 5	С
7	ЖБП 7. Қазақстан тарихы	Орталық Азия өркениеттерінің тарихы; Қазақстан аумағындағы этникалық және әлеуметтік процестерді; қазіргі Қазақстан аумағында болған мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихын; қазақ халқының мәдениетін; әртүрлі тарихи кезеңдердегі экономикалық даму ерекшеліктерін; саяси-құқықтық процестерді; қоғамдық-саяси ойдың дамуын; Қазақстанның білімі мен ғылымының дамуы.	ОН 7.1. Орталық Азия өркениеттерінің шығу тегі мен ерекшеліктерін, алуан түрлілігін, мәдени ортақтығын, материалдық және рухани мәдениетінің жетістіктерін сипаттау. ОН 7.2. Қазақстан аумағындағы этногенезді, этникалық және әлеуметтік процестерді талдау. ОН 7.3. Қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің қалыптасуының тарихи кезеңдерін, тарихи-географиялық сипаттамаларын, қоғамдық-саяси даму ерекшеліктерін талдау. ОН 7.4. Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін, кеңестік кезеңдегі және ұлттық жаңғыру кезеңіндегі мәдениетін талдау.	3	72	Қ 2	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			ОН 7.5. Қазақтардың тіршілігін қамтамасыз етудің дәстүрлі жүйесін және Қазақстанның қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттау. ОН 7.6. Әр түрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстандағы саяси-құқықтық процестер мен қоғамдық-саяси ойдың дамуын сипаттау. ОН 7.7. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасын және XVIII-XX ғасырлардағы білім беруді дамытуды талдау.				
8	ЖБП 8. Дене тәрбиесі	Дене тәрбиесі сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы; алғашқы дәрігерге дейінгі көмек көрсетудің негіздері мен қағидаттары; кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру әдістері; дене шынықтырудың рекреациялық және оңалту құралдары; жеңіл атлетика және гимнастикалық жаттығуларды орындау ережелері мен техникасы; футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі; ұлттық және қысқы спорт түрлеріндегі, жүзудегі ережелер мен техникалық-тактикалық іс-қимылдар, туризм түрлері; заманауи фитнес-технологиялар.	ОН 8.1. Дене тәрбиесі сабақтарында техника қауіпсіздік және жеке гигиена ережелерін меңгеру. ОН 8.2. Бағдарлама көзделген жеңіл атлетика, гимнастика, жүзу жаттығуларын, бақылау нормативтері мен тестілерді орындау. ОН 8.3. Зерттелетін спорттық ойындардың ережелерін білу, қозғалыс әрекеттерін техникалық тұрғыдан дұрыс орындау, оларды жарыстарда қолдану. ОН 8.4. Қазіргі заманғы фитнес технологиялары мен туризм түрлері туралы түсіну.	5	120	Қ 4	С
9	ЖБП 9. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері; әскери қызметтің құқықтық негіздері; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері; жалпы әскери жарғылар; тактикалық, атыс, саптық дайындық және әскери топография; әскери робототехника негіздері; тіршілік қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері; доңғалақты машиналарды жүргізу негіздері мен ережелері; жол қозғалысы ережелері.	ОН 9.1. Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мақсаты, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсіну. ОН 9.2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жарғыларының жалпы ережелері мен құқықтық негіздерін меңгеру. ОН 9.3. Атыс қаруын меңгеру, саптық дайындық, робототехника, IT-технологияларды пайдалану және доңғалақты машиналарды жүргізу негіздерін қолдану дағдыларын қолдану. ОН 9.4. Төтенше жағдайларда қауіпсіздік техникасы қағидаларын және адам өмірінің қауіпсіздік негіздерін меңгеру.	4	96	Қ 4, Қ 6	С
10	ЖБП 10. Физика	Кинематика және динамика негіздері; статика және гидростатика негіздері; импульс пен энергияның сақталу заңдары; жылу физикасы; газ заңдары; термодинамика негіздері; сұйық және қатты денелер туралы ұғымдар; электростатика; электр тогы; электромагниттік	ОН 10.1. Негізгі ұғымдарды меңгеру, механиканың заңдарын, теориялары мен теңдеулерін түсіндіру және қолдану. ОН 10.2. Молекулалық-кинетикалық теорияның негіздерін, қатты денелердің, сұйықтықтар мен газдардың модельдері мен қасиеттерін сипаттау. ОН 10.3. Электр тогы мен магнетизмнің табиғатын, олардың	4	96	Қ3	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		индукцияны; механикалық тербелістердің теңдеулері мен графиктері; толқындық және геометриялық оптика; атомдық және кванттық физика; атом ядросының физикасы; космология негіздері.	негізгі заңдылықтары мен сипаттамаларын білу. ОН 10.4. Тербелістер мен электромагниттік толқындардың пайда болу жағдайларын, олардың қасиеттері мен физикалық мағынасын сипаттау. ОН 10.5. Оптикалық құбылыстардың табиғаты мен заңдылықтарын сипаттау. ОН 10.6. Электромагниттік және радиоактивті сәулеленудің сипатын, нанотехнологияның негізгі жетістіктерін сипаттау. ОН 10.7. Жалпы ғаламның қасиеттері мен эволюциясын түсіндіру.				
11	ЖБП 11. Химия	Атомның құрамы мен құрылысы; атомдардағы электрондардың таралуы мен қозғалысы; химиялық байланыстың түрлері; химиялық элементтердің периодтық заңы мен периодтық кестесі; заттар массасының сақталу заңы; тотығу-тотықсыздану реакциялары; химиялық реакциялардың жылдамдығы; химиялық тепе - теңдік; аса маңызды р-элементтері және олардың қосылыстары; металдар мен олардың қорытпалары; биохимия негіздері.	ОН 11.1. Атомның құрамы мен құрылымын, атомдардағы электрондардың таралуы мен қозғалысын түсіндіру. ОН 11.2. Химиялық байланыстың табиғатын және оның түрлерін түсіндіру. ОН 11.3. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары мен энергиясын түсіндіру. ОН 11.4. р - элементтерінің және олардың қосылыстарының құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін сипаттау. ОН 11.5. Металдар мен олардың қорытпаларының қасиеттерін, алу тәсілдерін және қолдану саласын сипаттау. ОН 11.6. Көмірсулардың, аминдердің, аминқышқылдары мен ақуыздардың құрылымын, физикалық және химиялық қасиеттерін, ферменттердің рөлі мен маңыздылығын түсіну. ОН 11.7. Нуклеин қышқылдарының құрылымын және олардың жіктелуін сипаттау.	4	96	Қ 3	С
12	ЖБП 12. Биология	Молекулалық биология және биохимия негіздері; жасуша биологиясының негіздері; тірі организмдердің алуан түрлілігі, құрылымы мен қызметі; тірі организмдердің көбеюі, тұқым қуалаушылығы, өзгергіштігі, эволюциялық дамуы; селекция негіздері; биомедицина, биоинформатика, биотехнология негіздері; биосфера, экосжүйе, популяция; экология және адамның қоршаған ортаға әсері.	ОН 12.1. Ақуыздардың, майлардың, көмірсулардың құрылымын, құрамы мен қызметін сипаттау. ОН 12.2. Электронды микроскоп астында көрінетін жасуша органоидтарының құрылымы мен функциясының ерекшеліктерін түсіндіру. ОН 12.3. Биологиялық процестерде тамақтану, заттарды тасымалдау, тыныс алу және шығару механизмін түсіндіру. ОН 12.4. Тірі организмдердің өсуі, көбеюі және дамуындағы жасша циклінің маңыздылығын анықтау. ОН 12.5. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі заңдылықтарын, эволюция мен селекция механизмін түсіндіру. ОН 12.6. Бионика, биоинформатика, биотехнологияның рөлі мен	3	72	Қ 3	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			әдістерін сипаттау. ОН 12.7. Өз аймағының экожүйелері мен экологиялық мәселелерін сипаттау.				
13	ЖБП 13. География	Географиялық зерттеу әдістері; картография және геоинформатика негіздері; табиғатты пайдалану және геоэкология негіздері; геоэкономика негіздері; геосаясат негіздері; елтану; адамзаттың жаһандық проблемалар.	ОН 13.1. Зерттеудің жалпы географиялық және өзекті географиялық әдістерін меңгеру. ОН 13.2. Геоақпараттық жүйелердің заманауи картографиялық әдістері мен технологияларын қолдану. ОН 13.3. Табиғатты пайдалану тұжырымдамасын түсіну және өнеркәсіптік өндірістің антропогендік факторларының қоршаған ортаға әсерін талдау. ОН 13.4. Қазақстан өңірлерінің аумақтық факторларын, геоэкономикалық жай-күйі мен әлеуетін сипаттау. ОН 13.5. Қазақстанның геосаяси жағдайы мен қауіпсіздігін талдау. ОН 13.6. Географиялық, демографиялық, әлеуметтік және бәсекеге қабілетті көрсеткіштер бойынша әлем елдерін салыстыру. ОН 13.7. Адамзаттық жаһандық проблемаларын және олардың Қазақстан аумағындағы көріністерін сипаттау.	3	72	Қ 3	С
14	ЖБП 14. Графика мен жобалау	Ақпаратты визуализациялаудың графикалық тәсілдері мен құралдары; суреттердің негізгі түрлерін және олардың құрылысы; кескіннің түрі мен құрамын түрлендіру; геометриялық денелердің қалыптасу заңдарын және пішіндерді құрастыру; пішіндерді түрлендіру; техникалық, архитектуралық құрылыс және ақпараттық графика элементтері; жобалық графикасы.	ОН 14.1. Графикалық кескіндерді, соның ішінде компьютерлік графика құралдарын орындау әдістері мен тәсілдерін меңгеру. ОН 14.2. Қатты күйдегі және беттік модельдеу әдістерін компьютерлік графика құралдарын меңгеру. ОН 14.3. 3D моделінің түрін, құрамын және формасын түрлендіруді орындау. ОН 14.4. Техникалық, сәулет құрылыс және ақпараттық графика элементтерін меңгеру. ОН 14.5. Жобалық графика дағдыларын меңгеру.	3	72	Қ 3, Қ 5	С
15	ЖБП 15. Дүниежүзі тарихы	Әлемдік өркениеттердің жіктелуі мен тарихы; әлемдік этникалық және әлеуметтік процестер; мемлекеттердің, соғыстар мен революциялардың тарихы; мәдениеттің дамуы; өркениеттердің даму ерекшеліктері; саяси-құқықтық процестер; қоғамдық-саяси ойдың дамуы; білім мен ғылымның дамуы.	ОН 15.1 Өркениеттердің түрлері мен ерекшеліктерін, мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара әсерінің оң және теріс жақтарын сипаттау. ОН 15.2. Этникалық және әлеуметтік процестерді, олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі маңыздылығын сипаттау. ОН 15.3. Империялардың, соғыстардың, революциялар мен шапқыншылықтардың себептері мен салдарын сипаттау. ОН 15.4. Адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтары мен мәдени мұрасының қалыптасу көздері мен маңыздылығын сипаттау. ОН 15.5. Экономикалық жүйелердің тарихи түрлерін, табиғи-географиялық фактордың	3	72	Қ 2	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
			мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін сипаттау. ОН 15.6. XX-XXI ғасырлардағы қоғамдық-саяси ойдың дамуын, әлемнің қазіргі саяси-құқықтық биполярлық жүйесін, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау проблемасын сипаттау. ОН 15.7. Білім мен ғылымның дамуын және олардың әртүрлі тарихи кезеңдердегі маңыздылығын сипаттау.				
16	ЖБП 16. Жаһандық құзыреттілік	Жаһандық құзыреттер ұғымы мен қолданылуы; қаржылық сауаттылық; өзара қарым-қатынас мәдениеті; мәдениетаралық қарым-қатынас негіздері; кәсіби қызметтегі жаһандық құзыреттер; еңбекті бағалаудың әдістері мен нысандары; IT-жүйелермен жұмысты; жобалық менеджмент.	ОН 16.1. Жаһандық құзыреттер және олардың жеке тұлғаны дамыту үшін маңызы туралы түсіну. ОН 16.2. Қаржылық сауаттылық негіздерін, жанжалдарды шешу және мәдениетаралық коммуникация дағдыларын меңгеру. ОН 16.3. Кәсіби қызметте жобалық менеджмент дағдыларын қолдану.	1	24	Қ 5, Қ 6, Қ 7	С
Жалпыға міндетті модульдер (жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндер)							
1	ЖММ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	Дене шынықтырудың әлеуметтік-биологиялық және психофизиологиялық негіздері; дене шынықтыру және спорттық өзін-өзі жетілдіру негіздері; салауатты өмір салты негіздері.	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау. ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	10	240	Қ 4	С
2	ЖММ 2. Ақпараттық - коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	Ақпаратты жинаудың, өңдеудің, ұсынудың және берудің қазіргі заманғы технологияларының негіздері; ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалану негіздері; қазіргі заманғы ақпараттық және компьютерлік технологияларды дамытудың негізгі бағыттары.	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	2	48	Қ 5	С
3	ЖММ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану	Қазіргі заманғы экономикалық жүйенің жұмыс істеу заңдылықтары мен тетіктері; нарықтық экономика қағидаттарын; кәсіпкерлікті дамытудың мақсаттары, факторлары мен шарттары; экономикалық жүйелердің жалпы негіздері; микро- және макро-экономика, дүниежүзілік экономика және әлемдік нарық; Қазақстандағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі заманғы ұйымдық-құқықтық нысандары; бизнестің ұйымдастырушылық және қаржылық негіздері; сыбайлас	ОН 3.1 Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. ОН 3.2 Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау. ОН 3.3 Әлемдік экономиканың даму тенденцияларын, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну. ОН 3.4 Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	4	96	Қ 6	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
		жемқорлыққа қарсы іс-қимылды құқықтық реттеу түсінігі; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттары.					
4	ЖММ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	Философияның негізгі ұғымдары мен заңдылықтарын; мәдениет, дін және өркениет; мемлекеттік-құқықтық қатынастар мен құбылыстар жүйесі; қоғамдағы азаматтар мен саясаттың басқа да субъектілерінің өзара қарым-қатынастары жүйесінің жұмысы.	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну. ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну. ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру. ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	4	96	Қ 7	С
Базалық және кәсіптік модульдер (жалпы кәсіптік және арнайы пәндер)							
1	КМ 1. Стандарттау негізінде техникалық құжаттамаларды рәсімдеу	Стандарттау, метрология, сертификаттау саласындағы нормативтік актілері; стандарттаудың халықаралық, мемлекеттік жүйелері; сызбалардың кестелік жасалуы; сызба шрифттары, сызбалардағы жазбалар, геометриялық құрылыс, нүктелер, түзу желі, электрлік схемалар; геометриялық денелерді жобалау; бөлшектер мен электр құрылғыларының схемалары; қарапайым бөлшектердің кешендік сызбасы; масштабтар, өлшемдері.	ОН 1.1. Сертификаттау және метрологияның негізгі терминдері мен анықтамаларын меңгеру. ОН 1.2. Техникалық құжаттамаларды рәсімдеудің бірыңғай жүйесін қолдану. ОН 1.3. Вагон бөлшектері мен электр құрылғыларының схемаларын сызу.	3	72	Қ 8	С
2	КМ 2. Кәсіби қызметте электротехника, электроника, техникалық механика негіздері мен электр машиналарын қолдану	Электрлі және магниттік тізбектері, құрастырылуы, түрлері, негізгі анықтамалары; электронды аспаптардың негізгі принциптері; айнымалы тоқ, тұрақты тоқ тізбектерін және магниттік тізбектерді талдау және жалпы есептеу қағидаттары, электромагнитті құрылғылар мен электр машиналарды, үш фазалы электр тізбектері, трансформаторлары; статика, кинематиканың негізгі түсініктері; тұрақты тоқ машиналары, заманауи өндірістегі электр жетегі; электрлі материалдары, өлшеу құралдары.	ОН 2.1. Электрлік құрылғылардың параметрлерін, электр тізбектерін есептеуді және электр энергиясын түрлендіру әдістерін меңгеру. ОН 2.2. Электронды аспаптар мен құрылғылардың негізгі параметрлерін анықтау. ОН 2.3. Электрондық техника мен электротехникалық құрылғыларды тізбекке қосу. ОН 2.4. Кәсіби міндеттерді шешу кезінде статиканың, кинематика мен динамиканың негізгі заңдарын меңгеру. ОН 2.5. Электр машиналары мен электр жетектерінің конструкцияларын және жұмысын меңгеру. ОН 2.6. Электр машиналары мен электр жетектерінің жұмысын сынау.	12	288	Қ 8	Е
3	КМ 3. Вагондардың механикалық	Вагондардың вагондардың конструктивтік ерекшеліктері; үнемділік және сенімділік позициясы; техникалық және механикалық тұрғыдан	ОН 3.1. Темір жолдардың жалпы курсы мен меңгеру. ОН 3.2. Вагондардың құрылысын, олардың тораптарының мақсатын, жұмыс істеу шарттары мен	13.5	324	Қ 10	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	жабдықтары мен материалдарды қолдану	әртүрлі мақсаттағы қондырғылар үшін материалды таңдау және оңтайлы шешімдер; вагондардың құрылысы, олардың тораптарының мақсаты, жұмыс істеу шарттары мен принциптері.	принциптерін сипаттау. ОН 3.3. Вагондардың техникалық-экономикалық сипаттамаларын салыстыру және талдау. ОН 3.4. Вагондардың түрлерін, типтерін, серияларын және тағайындалуын ажырату. ОН 3.5. Тораптар материалдары мен тораптар бөлшектерінің сапасын анықтау.				
4	КМ 4. Еңбекті қорғау, экология және темір жолдарды техникалық пайдалану ережелері мен нормаларын сақтау	Темір жолдарды техникалық пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі талаптары; темір жолдарды техникалық пайдалану ережелері; темір жолдардағы сигнал беру жөніндегі нұсқаулықтар; сигнал беру, орталықтандыру және блоктау құрылғыларын техникалық пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар; салалық және лауазымдық нұсқаулықтар; еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және экологиялық нормалар талаптары.	ОН 4.1. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік санитария және өртке қарсы қорғау бойынша жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру. ОН 4.2. Берілген учаскеде қауіпті және зиянды факторларды анықтау. ОН 4.3. Темір жолдарда, станоктарда жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін қолдану. ОН 4.4. Электр тогынан зардап шеккен адамға алғашқы көмек көрсету. ОН 4.5. Адамдардың өміріне немесе поездар қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін немесе маневрлік құрамға тоқтау сигналдарын беру. ОН 4.6. Электрлендірілген темір жолдарда болған кезде қауіпсіздік шараларын сақтау. ОН 4.7. Лауазымдық міндеттерді орындау кезінде мақсатты нұсқаманың талаптарын сақтау.	13	312	Қ 9	Е
5	КМ 5. Вагондардың тораптары мен бөлшектеріне техникалық қызмет көрсету	Вагондарға техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, жылжымалы құрамның тежегіштері, жинақталған тораптармен тетіктерді бақылау және жинау, реттеу, сынақтар жүргізуді жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстың нәтижелілігі, дағдылар мен білімдер.	ОН 5.1. Сапардан келген құрамның ақаулардың бар-жоғын тексеру. ОН 5.2. Вагондарды арнайы өлшеу аспаптарымен тексеру. ОН 5.3. Вагондардың бөлшектердің тозуы мен зақымдануының жоғарылауын тудыратын себептерді сипаттау. ОН 5.4. Вагондардың ақаулықтардың алдын алу және жою. ОН 5.5. Вагондарды жөндеу кезінде слесарлық операцияларды орындау.	16	384	Қ 10	Е
6	КМ 6. Вагондардың автоматты тежеу жүйесіне техникалық қызмет көрсету	Тежеу негіздері, тежегіштердің жіктелуі; вагондардың тежегіш жабдығы, тежегіш процестері; вагондардың тежегіштеріне техникалық пайдалану ережелері мен қозғалыс қауіпсіздігінің талаптары; вагондардың ауа өткізгіштері мен тұтқалы берілістері; электропневматикалық тежегіштер, автотоқтатқыш және жылдамдық өлшегіштері; тежегіш жабдықтарын пайдалану және жөндеу, техникалық қызмет көрсету жұмыстары.	ОН 6.1. Вагондардың тежеу жүйесінің құрылысы мен жұмыс принципін, тежеу процестерін меңгеру. ОН 6.2. Вагондардың автоматты тежеу жабдықтарына техникалық қызмет көрсету. ОН 6.3. Вагондардың тежегіштеріне техникалық пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі қағидаларының талаптарын сақтау. ОН 6.4. Автоматты тежегіштерді жөндеу жұмыстарын орындау.	14	336	Қ 10	Е
7	КМ 7. Электр	Жолаушылар вагондары мен рефрижераторлы	ОН 7.1. Жолаушы вагондарындағы электр тізбектерін түсіндіру.	14	336	Қ 11	Е

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	аппараттары мен жолаушы вагондарының тізбегіне техникалық қызмет көрсету	жылжымалы құрамдарындағы электр тізбектерінің жұмысы; жол жүру барысында жолаушылар вагондарының электр жабдығының жұмысында пайда болатын ақауларды аспаптар бойынша анықтау жолдары; нормативтік-техникалық құжаттаманы ресімдеу бойынша жұмыстары.	ОН 7.2. Жолаушылар вагондарының электр жабдықтарының техникалық жағдайын бақылау. ОН 7.3. Электрлік схемаларды талдауды жүзеге асыру. ОН 7.4. Жол жүру барысында жолаушылар вагондарының электр жабдығының жұмысында пайда болатын ақауларды аспаптар бойынша анықтау және жою. ОН 7.5. Технологиялық картаға сәйкес электр тізбектеріне жөндеу жұмыстарын орындау				
8	КМ 8. Жүк және жолаушылар вагондарына және рефрижераторлық жылжымалы құрамдарға техникалық қызмет көрсету және пайдалану	Вагондарды жылыту және сумен жабдықтау жүйелерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету; жолаушылар вагондарының тоңазытқыш жабдықтары; тоңазытқыш машиналардың термодинамикалық негіздері; вагондарының тоңазытқыш жабдығының құрылысы және жұмысы; рефрижераторлық жылжымалы құрамдарға техникалық қызмет көрсету; тоңазытқыш машиналары мен ауаны баптау қондырғыларының жұмысы.	ОН 8.1. Вагонды жылыту және сумен жабдықтау жүйесінің мақсаты мен құрылысын сипаттау. ОН 8.2. Вагонды жылыту және сумен жабдықтау жүйелерін пайдалану. ОН 8.3. Жолаушылар вагондарының тоңазытқыш жабдықтарының құрылысын пайдалану. ОН 8.4. Рефрижераторлық жылжымалы құрамдарға техникалық қызмет көрсету. ОН 8.5. Тоңазытқыш машиналар мен ауаны салқындату қондырғыларын реттеу, жұмысты автоматтандыру, қорғау жұмыстарын орындау. ОН 8.6. Электрлі дәнекерлеу жұмыстарын орындау. ОН 8.7. Слесарлық жұмыстарды орындау.	16	384	Қ 10	Е
9	КМ 9. Жүк және жолаушылар вагондарына техникалық қызмет көрсету және жөндеуді орындау	Вагондардың негізгі бөліктерінің құрылысы, техникалық сипаттамасы; вагондарға техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру; жылжымалы құрамның тежеу жабдығы; тежеу жүйесінің құрылысы және жұмыс принципі; өндірістік процестерді механикаландыру және автоматтандыру қағидаттары; механизмнің түрлері және жұмыс; автоматты басқару және техникалық диагностикасы; вагондардың негізгі бөліктерін жөндеу және қызмет көрсету технологиясы; тежегіш жабдықты жөндеу және сынау технологиясы; жөндеуді жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; вагондардың тораптары мен бөлшектерін жөндеудің технологиясын жобалау алгоритмі.	ОН 9.1. Вагондардың конструктивтік ерекшеліктерін үнемділік және сенімділік позициясынан анықтау. ОН 9.2. Вагондардағы техникалық ақауларды анықтау және оларды жою кезінде өндірістік процестерді механикаландыру мен автоматтандыру бойынша жұмыстарды орындау. ОН 9.3. Жүк және жолаушылар вагондарын ағытып және ағытпай сапалы жөндеуді жүргізу. ОН 9.4. Вагондармен өзара әрекеттесетін тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу кезінде машиналар мен механизмдердің дұрыс қолданылуын бақылау.	20	480	Қ 10, Қ 11	Е
10	КМ 10. Вагондарды пайдаланудың экономикалық	Вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді пайдалануды ұйымдастыру мәселелерін экономикалық негізделген түрде шешу жолдары; вагон жөндеу	ОН 10.1 Вагондарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді пайдалануды ұйымдастыру мәселелерін экономикалық тұрғыдан негізді шешу. ОН 10.2. Вагон депосы жұмысының	4	96	Қ 12	С

№	Модульдер (пәндер)	Модульдердің (пәндердің) қысқаша сипаттамасы	Оқыту нәтижелері	Модульдер (пәндер) бойынша кредиттер саны	Модульдер (пәндер) бойынша сағаттар саны	Құзыреттер индексі	Қорытынды бақылау нысандары
	көрсеткіштерін талдау	депосы жұмысының көлемдік және сапалық көрсеткіштерін анықтау бойынша қарапайым техникалық экономикалық есептер.	көлемдік және сапалық көрсеткіштерін анықтау бойынша қарапайым техникалық-экономикалық есептерді орындау. ОН 10.3. Еңбек өнімділігін анықтау және есептеу.				
11	КМ 11. Жүк және жолаушылар вагондарын а, рефрижераторлық жылжымалы құрамдарға техникалық қызмет көрсетудің технологиялық процестерін талдау	Вагон шаруашылығындағы техникалық қызмет көрсету түрлері, жөндеуден кейін жөнелту жұмыстарын орындау; вагон шаруашылығында техникалық құжаттар; есепке алу құжаттарын рәсімдеу; жөндеу жұмыстарына жіберу, вагондарды жөндеуге қабылдау-тапсыру кезіндегі техникалық құжаттарды рәсімдеу; техникалық қызмет көрсету кезінде ақау табылғандағы құжаттамаларды жүргізу; пойыздағы вагон саны, түрі, өстер саны бойынша құжаттамалар соққы-тартқыш, желдету жүйелерін жөндеу кезіндегі жұмыстары; вагондар мен олардың бөлшектері жуу кезіндегі жұмыстары; тәжірибелік-эксперименттік, конструкторлық, вагон деполарындағы технологиялық процестерін жобалау алгоритімі.	ОН 11.1. Жоспарлы жөнделген вагондарды тапсыруды жүргізу. ОН 11.2. Вагондарға ағымдық, деполық жөндеу, реттеудің және сынаудың озық технологияларын қолдану. ОН 11.3. Вагон шаруашылығында техникалық құжаттамаларды жүргізу. ОН 11.4. Вагондарды күрделі жөндеу технологиялық процестерін талдау. ОН 11.5. Вагондарды жөндеу және жабдықтарын дайындау жұмыстарын талдау. ОН 11.6. Вагондарды жөндеудің жаңартылған технологиялық процестерін жобалау.	25.5	612	Қ 13	Е
Аралық аттестаттау				9	216		
Қорытынды аттестаттау				3	72		
Өзіндік жұмыс				0	0		
Факультативті сабақтар				20	480		
Консультациялар				16	384		

Білім беру бағдарламасын қосуға өтінім

"М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Шымкент көлік колледжі" ЖШС техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру Тізіліміне орналастыру және сараптама жүргізу үшін мамандағы 07160600 Темір жолдың вагондар мен рефрижераторлы жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету(коды, атауы), біліктілік (тер) 3W07160601 Вагон жөндеу слесары, 3W07160602 Поезд электромеханигі, 4S 07160603 Техник-электромеханик (коды, атауы) бойынша білім беру бағдарламасын жібереді.

Осы мамандық бойынша лицензияның болуы: Бар

Басшы: Мұхажанова Гауһар Шахмұратқызы

Орындаушы: Кубеев Нұрлан Серикұлы

Ұялы телефон: +7 747 993 0676

Электрондық пошта мекенжайы: kn_92@mail.ru